

ӘОЖ 371.38

**ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚЫЛЫМ
ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Мәлік Бисара

bisara16@mail.ru

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті», Шетел тілдерінің теориясы мен тәжірибесі кафедрасының 1 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Л.К. Мейрамбекова

XXI ғасыр білімділер мен біліктілердің заманы. Бәсекеге қабілетті ел болу үшін жастардың жан-жақтылығы мен ақыл-парасаттылығы өте маңызды. Сонымен қатар, дамыған, озық елдерімен терезені теңестіру барысында көп тіл білу де артық етпейді. Ағылшын тілі әлемдік аренада кең сипатымен ерекшеленеді. Кез-келген істе мығым болып, ел мерейін үстем ету барысында, аталмыш шет тілін еркін меңгерген абзал. Осы орайда, мектеп қабырғасынан бастау алған машықты, жоғары оқу орынында одан әрі тереңдетіп, студенттердің жан-жақты меңгеруі аса үлкен қажеттілік болып табылады.

Жалпы, тілді оқу барысында бірнеше әдіс-тәсілдерге сүйеніп, оның ұтымды тұстарын назарға алған жөн. Осы орайда, ағылшын тілі сабағында оқылым дағдыларын қалыптастыру да маңызды рөл атқармақ. Себебі, оқу ақпарат алмасудың маңызды құралдарының бірі болып табылады. Бұл жазбаша мәтінді қабылдауға, түсінуге бағытталған сөйлеу әрекетінің түрі. Оқылым ол ең алдымен мәтінді түсінуге итермелеп, мән-мағынаны ажыратуға септігін тигізеді.

Ағылшын тілі сабағында оқылым әдісі ең негізгі мына екі функцияны назарға алады:

Оқу – бұл оқытудың мақсаты, яғни, сөйлеу әрекетінің бір түрі (ақпарат алу құралы)

Оқылым – бұл сөйлеу әрекетінің басқа түрлерін біріктіре отыра, тілді еркін меңгеруге бағытталған жүйе.

Әрине, шет тілін меңгерту барысында оқылым әдісінің өз нәтижесін беру үшін, студенттерге белгілі бір жүйелік тапсырмалар берудің де мәні зор. Мәселен, оқылым барысында арнайы бағдарламаға негізделген тақырып бойынша, мұғалім келесі шарттарға назар аударған жөн.

Оқылымның алгоритімі:

Белгілі бір мәтінді студенттер оның мағынасына үңіліп, таныс емес сөздерді тізіп шығуы керек.

Белгіленіп алынған бөлікті қайта оқып, оның аудармасына мән беріп, зерттеу оқумен жалғастырған дұрыс

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріп, оның мән-мағынасын терінінен аша білген жөн. Яғни, басты кейіпкерлер, орын алған жайттар, деректер және т.б. Бұл оқылымның мәнін ашып, іздену барысын жетілдіреді. [1]

Бұл қағидалар практикалық жұмысты жетілдіру барысында өзінің көп көмегін тигізеді. Жалпы, оқылым дағдыларын қалыптастыру барысында мәтіннен пайдалы ақпарат алудың маңызы зор. Тікелеу түсіну, не болмаса мағынасын ажыратпай тек оқып шығу еш нәтиже бермейтіні анық. Олай болса, оның барысы туралы толық хабардар болу, түсінудің синтетикалық сипаты, оқылымның мән-мағынасын жарату ең маңызды бөлшек екені рас.

Ағылшын сабағында оқылым дағдыларын қалыптастыру барысында есте сақтау қажеттіліктері:

Таныстырылым (бұл мәтін туралы түсініктің қалыптасуы)

Игеру (мәтінді зерделеу, мән-мағынасына үңіліп, сараптама жасау)

Іздену (қажетті ақпаратты іздестіру)

Болжалдық (мәтін мағынасына болжам жасау)

Танымдық (бұрын игермеген жаңа мағлұматпен танысып, ойдың көкжиегін кеңейту)

Бұл дағдылардың дұрыс қалыптасуы үшін, студенттердің өзіндік жұмысы маңызды. Оған қоса, оқудың қатесіз жүргізілуін бақылаған шарт. Мұғалім тек бағыт беріп, көп жағдайда, оқушылардың өздігінен ізденуіне, сауалдарға жауапты бірлесіп табуына ықпал ете білу керек. Бұл есте сақтау қабілетіне әсер етіп, тәрбиеленушілердің тілді еркін меңгеруге негіз болады.

Мәтінді оқу барысында бірнеше бөліктерге назар аударғанымыз жөн.

I. Мәтінді оқығанға дейін. (Pre-reading)

Бұл жерде көбіне мәтін маңындағы суреттер, кітап мұқабасы болмаса қандай да бір ерекшеленген тақырыптар көмекші құрал бола алуы мүмкін. Бұл көбіне кіріспе бөлімі тәрізді. Мұғалім аталмыш мәтін төңірегінде алдымен ой пысықтап, сұрақтар қойып, оған деген қызығушылықты оята білуі тиіс. Тіпті, оның жұмбақ қырларының ең ұтымды жерін айтып, әрі қарай студенттердің өздері қызығып оқитындай жағдай жасау қажет.

II. Мәтінді оқу. (While reading)

Мәтінге шолу жасап, жан-жақты талқылап, қызығушылықты оятып алған соң, оны оқуға кірісеміз. Егер, бұл студенттер үшін таңсық дүние болмаса, оның да шешімі бар. Бірден рөлге бөліп, әр адам өз мағынасына сай тереңірек текстті ашуға ниеттенуі қажет. Әрине, бұл да бір ұтымды әдіс-тәсіл түріне жатпақ.

III. Мәтінді оқып біткен соң. (After reading)

Мәтінді толық аяқтаған соң студенттердің ой-тұжырымдамасын ауызша түрде білген абзал. «Дұрыс» және «бұрыс» жерлерін бақылап, оған талдау жасау қажет. Мәтінді қорытындылап, оның нені меңзегенін студенттердің өзі айтуы тиіс. Әрине, бұл жалпы топ ішінде ортақ пікірталастың туындауына негіз болып, оқылымның нәтижесін беретіні анық.[2]

Оқылым дағдысы жазбаша сөйлеуді қабылдау мен түсінуден тұратын сөйлеу әрекеті ретінде қарастырылады. Оқылым мен тыңдалымның басты айырмашылығы, ақпарат тек есту арқылы ғана емес, көру арқылы да жүзеге асырылып, студенттердің жадында сақтауына түрткі болады. Көп адам естігеннен қарағанда, көзбен көргенді көп есте сақтайтынын ескерсек, ауызша айтудан бөлек, оны жазбаша түрде бақылап, көзбен миға сіңіру қайткен күнде де өз жемісін беретіні анық.

Айта кетейік, оқылым барысында естігенді түсінудің басты ерекшелігі оқу түрінің жылдамдығына байланысты. Кейбір студенттер мәтінді жылдам қарқынмен, тез оқып шығатын болса, ал өзге біреулері баяу, әр сөзге мән беріп оқығанды жақсы көреді. Әрине, әр адамның машығы мен қабылдауы әр-түрлі екенін ескерсек, оқу дағдысын игерту барысында жекелей жұмыс жасаудың маңызы да зор екендігін аңғарамыз.[3]

Оқылымның міндеттерінің әртүрлілігі мен күрделілігі жұмыс тәжірибесінде «оқу түрлері» атты түрлі топтар мен әдістер жүйесін бөліп қарауға мәжбүр етеді. [4].

Оқылым түрлерін жүзеге асыру барысында әр ұстаздың өзіне тән ерекшеліктері бар. Ең алдымен студенттердің шет тілін қаншалықты меңгергеніне, жас ерекшелігіне назар аударғанымыз жөн. Оқушылар сөздіксіз жұмыс жасай ала ма, өз ойларын еркін жеткізе біле ме, ортақ талқыға еш қиындықсыз сала ала ма, осыларды ажыратып алған жөн. Әрине, бүгінгі таңда ең бір қуантарлығы, жастардың шет тілін өздігінен, еркін меңгеруі. Алайда, бұл барлық машықты толық меңгерлі деген сөз емес. Сондықтан, кәсіби түрде білім беру, ағылшын тілін одан әрі игеруге ықпал ететіні сөзсіз.

Кез-келген маман студенттерді ағылшын тіліне еркін меңгерту барысында, шет тіліндегі әдебиеттерді, мәтін түрлерін және қосымша материалдарды таңдау барысында жаңылыспау қажет. Бұл орайда студенттердің мамандығына сай, жас ерекшелігіне орайластыруы да үлкен маңызға ие. Бұл шет тілін меңгерте отыра, болашақ мамандардың кәсіби машығын одан әрі тереңдетуге зор ықпалын тигізеді. Әрине, тек мәліметтерді жинастырып қою жеткіліксіз, оны практика барысында кеңінен жүзеге асырып, оқу машығын қалыптастырып, кез-келген сөзді студенттер мүдірмей оқи алуына, оның аудармасы мен мағынасын түсінуге ортақ түрде ат салысу қажет.

Жоғары оқу орындарында шет тілін оқытуды анықтайтын жалпы принциптерден басқа, оқылымды дамыту барысында сөйлеу әрекетінің ерекшелігіне байланысты бірқатар нақты ережелерді есте сақтаған дұрыс.[5] [6]

Оқылым барысында сөйлеу әрекетіне ерекше мән беріп қарағанымыз жөн. Бұл ережені сақтаудың маңызы зор. Ол студенттердің дұрыс бағдарлауын ғана қалыптастырып қоймайды, сонымен қатар тілдік норма бойынша жаңа материалдармен танысуға ықпал етіп, оны жүйелі меңгеруге септігін тигізеді.

Екіншіден оқылым, танымдық процесс ретінде құрылуы керек. Яғни, студенттер сөйлеу әрекеті негізінде ақпарат алуға бағыт алып қана қоймай, оны тереңірек түсінуге талпынады. Осыған байланысты оқуға арналған материалдардың мәтінінің мазмұны аса маңызды. Бұл іс жүзінде студенттердің шет тілінде ақпарат алудың жан-жақтылығын айқындап, қосымша танымдық үрдістерді игеруге негіз болмақ. Сол себепті, мәтіндердің қызықты әрі мағынаға толы болуы басты шарт.

Ағылшын тілін меңгерту барысында, өз ана тілміздің тәжірибесіне сүйену өте маңызды. Кез-келген шет тілін меңгермей тұрып, әр адам ең алдымен өз тілінде сөзге шебер, мәтін аудармасының мағынасын еркін жеткізе білуі тиіс. Оның ағылшын тілінде түсініп, ал ана тілінде тәржімалап, жеткізе алмайтын болса, онда оқылымның да еш нәтиже бермесі анық. Қос тілде еркін түсінісу үшін, ана тілі мен шет тілін өз-ара байланыстырып, еркін меңгерген жөн.

Оқылым дағдыларын қалыптастыру барысында студенттердің тіл құрылымын, оның ережелерін, байланысу тәртібін білуі шарт. Әр тілдің өзіне тән ерекшелігі бар екенін ескерсек,

ағылшын тілі де дәл солай, жұрнақ, жалғау, жазылу емлесі мен айтылу тәртібіне бағынады. Ал, оқылымды дұрыс қалыптастыра білу үшін, оның ең алдымен ережесіне мән беріп қарауымыз керек. Және бұл машық студенттерге үйретілуі тиіс. Қателікке жол берілген жағдайда, бұл дыбысқа ғана әсер етіп қоймайды, адамның алдағы уақытта да қателесуіне жол беріліп, айтылуына қарай жаттап алуына түрткі болмақ. Сондықтан, мәтінде көрсетілген сөздерді оқу барысында қателікке бой алдырмау қажет.

Оқылымның сәтті болуы, қайталау процесіне тікелей байланысты. Мейлі ол толық көлемді қамтымаса да, жүйелі түрде мұғалім оны студенттерге түйіндеме ретінде қайта бір саралап шығуы керек. Әрине, әдетте алғашқыда мән беріп қарамаған сөздер, қайталау барысында есте қалатыны сөзсіз. Олай болса, ағылшын тілінің әр сөзін жетік меңгеру барысында, қайталама әдісіне сүйенгеніміз абзал. Кез-келген уақытта білімді қорытындылау, оны қайта пысықтау артық болған емес. Ал, оқылым дағдыларын қалыптастыру барысында да бұл әдіс-тәсіл өзінің тиімділігін байқатпақ.

Әрине, қай тәсілді алып қарасақ та, ең алдымен оның бәрі- ең алдымен ағылшын тілін меңгертуге бағытталатыны анық. Білім берудің басты мақсаты студенттердің мәдени және танымдық көкжиегін кеңейту ғана емес, сонымен қатар халықаралық еңбек нарығына жарамды, жан-жақты, білім мен дағдыларды қалыптастыру болып табылады. Тілді оқу қай мамандық үшін де қажет. Ал, оны тереңінен игерту барысында, барлық мүмкіндіктерді қарастырғанымыз жөн. Ол қоғам дамуына да ықпал етіп, өмір сүруге, ілгерілеуге негіз бола білмек.

Негізгі коммуникативтік құзіреттіліктер әр студенттің бойынан табылуы тиіс. Халықаралық тілдердің кем дегенде біреуін, әсіресе ағылшын тілін білу заман талабы. Білім беру шеңберінде студенттердің қабілеттерін дамыту барысында, осы талапты басшылыққа алып, барынша жүйелі жұмыс жасауға талпынған абзал. Егер қазіргі жоғары оқу орынында білім алып жатқан болашақ маман, алдағы уақытта жемісті еңбек етуді қаласа, онда университет қабырғасында жүріп-ақ, ағылшын тілін еркін меңгеруге мақсат қоюы керек. Бұл талап тек тіл бөлімі мамандарына ғана тиесілі емес, барлық бөлімге тікелей қатысы бар. Жаһандық дәуірге аяқ басқан, жас тәуелсіз мемлекетіміз үшін, білгір мамандардың болуы ең маңызды үрдіс. Олай болса, көзі ашық, көкірегі ояу, бірнеше тілдерді қатар меңгерген, жан-жақты қалыптасқан, ойы ұшқыр, білімі тереңде, болашақ мамандар қатары көп болсын!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Борзова Е.В. Тексты для чтения на начальном этапе обучения // Иностранные языки в школе. — 1990. -- №4. С. 28-30.
2. Antoni. N. (2010). Exploring EFL teacher' strategies in teaching reading comprehension. *Jurnal penelitian pendidikan*, 11(2), 39-51.
3. Т. Г. Егоров, оқу дағдыларын игеру психологиясы, М., 1953.).
4. Song, M. J. (1998). Teaching reading strategies in an ongoing EFL university reading classroom. *Asian journal of English Language Teaching*, 8(1), 41-54
5. В.Д. Аракин. Методика преподавания английского языка в 5-7 классах средней школы. М., 1950.
6. Day, R., & Bamford, J. (2002) Top ten principles for teaching extensive reading.